

САРАПТАМА

БҰҰ ТӨРІНДЕГІ БАСҚОСУ

G7 елдері қандай уағдаластыққа келді?

2

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ТАЯУ ШЫҒЫС ТҮНЕРІП ТҮР...

2

РЕФЕРЕНДУМ – 2024

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

Таңдау жасау – азаматтық жауапкершілік

4-5

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №83 (6534) 1 қазан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ПРЕЗИДЕНТ

БІРТҰТАС ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ИДЕЯСЫ

орнықты әлемдік тәртіп қалыптастыруға тұжырымдамалық негіз бола алады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еуразия кеңістігіндегі орнықты даму және қауіпсіздік» атты конференцияға қатысып, сөз сөйледі

– Геосаясат пен геэкономикадағы түбегейлі өзгерістер, жаһандық деңгейдегі климаттық және демографиялық сын-қатерлер, пандемияның жаңа қаупі, қарулану бәсекесінің өрши түсуі, технологиялық прогресс, соның ішінде жасанды интеллектіні енгізу жағдайында стратегиялық тұрақтылық пен орнықты даму мәселелері баршамыз үшін өзекті бола түсті. Бұдан шығатын қорытынды анық: халықаралық қоғамдастық сындарлы диалогқа тың серпін беруі үшін күн тәртібіне оң өзгеріс жасауы қажет. Сондықтан біртұтас еуразиялық қауіпсіздік идеясы көпполярлы, әділетті және орнықты әлемдік тәртіпті қалыптастыруға тұжырымдамалық негіз бола алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

5

1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ҚАРТЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ МОЛ

Алматыда жасы 100-ден асқан 48 адам тұрады

Қариясын қадір тұтқан қазақ халқы үшін бұл мерекенің маңызы зор. Жасы ұлғайып, қартайған шағында ұл-қыздары қас-қабағына қарап, немересі қойнына тығылып, шөбересі мойнына асылып жатса, қариялар үшін бақыт деген сол болса керек.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Біз қариясын ерекше құрмет тұтқан халықтың ұрпағымыз. Ендеше, халқымыздың өткені мен бүгінін жалғайтын алтын көпір, тұнып тұрған шежіреге балайтын қариялардың орны қашан да төр. Алматыда бүгіннен бастап қарттар айлығы басталды. Бұл дәстүрлі мерекені алматылықтар жылдағы салтынан жаңылмай, биыл да өз деңгейінде ерекше атап өтеді. Қарттар айлығы аясында Алматының барлық аудандарында көкірегі өсиетке толы қариялардың ақылын тыңдап, сөзін санаға түйіп жүру үшін түрлі кездесулер ұйымдастырылуда. Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы зейнеткерлерге, яғни орталықтан қызмет алушыларына арналған бірқатар ірі іс-шаралар өтпек.

Бүгінде елімізде 100 жасаған және одан да үлкен жастағы 423 азамат бар.

Жасы ең үлкен кейуана Ұлытау облысында тұрады, ақ жаулықты әжеміз биыл 114 жасқа толған туған күнін атап өтті.



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, әдетте, ең көп өмір сүретіндер еліміздің оңтүстік өңірінде көбірек деуге болады. Мәселен, Түркістан облысында 100 және одан жоғары жастағы 64 адам бар екенін айта кету керек.

Ұзақ өмір сүрушілер саны бойынша еліміздегі екінші орында ең ірі қаламыздың бірі – Алматы. Қазір Алматы қаласында 100 жастан асқан 48 адам тұрады.

Ұзақ өмір сүретіндер саны бойынша үшінші орында Алматы облысы тұр, онда 100 және одан жоғары жастағы 38 адам тұрады.

Ең қарт қазақстандықтардың үштігіне Ұлытау облысының тұрғыны – 114 жас, Пав-

лодар облысы – 112 жас, Түркістан облысы – 110 жас кірді.

Естеріңізге сала кетейік, жыл сайын бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да 1 қазанда Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Бұл мерекені 1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 45 сессияда жариялады.

Оны өткізудің басты мақсаты – егде жастағы адамдардың мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегін құрметтеу және тану, сондай-ақ олардың проблемалары мен қажеттіліктеріне, өмір сүру сапасын арттыру қажеттілігіне назар аудару, оларға жалпыға бірдей қамқорлық көрсету.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

1.10.2024

Түнде:

+6+8 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

2.10.2024

Түнде:

+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

www.aqshamnews.kz

БҰҰ ТӨРІНДЕГІ БАСҚОСУ

G7 елдері қандай уағдаластыққа келді?

Өткен аптада БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-сессиясы өз жұмысын аяқтады. Қысқа уақытқа созылған шарада әлем елдері «Болашақ саммиті», Жалпы саяси дебаттар, екіжақты және көпжақты кездесулер өткізді. Олардың ішінде халықаралық саясат пен қарым-қатынасқа тікелей әсер ететін екі кездесу өтті. Атап өтер болсақ, G7 және G20 аясында оған мүше мемлекеттердің сыртқы саяси ведомство басшылары келіссөз жүргізді. Соның аясында үлкен жетілікке кіретін елдер қандай уағдаластыққа келді деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

«ҮЛКЕН ЖЕТІЛІК»

G7 елдері әлемнің экономикалық дамыған, алпауыт елдерін бір шаңырақ астында біріктірген алаң. Ресми атауы Group of Seven. Қазақшасы «Жетілік тобы». Алайда, посткеңестік кеңістікте «Үлкен жетілік» деген атаумен белгілі. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, Франция, Жапония және Еуропалық одақ құрамына енген бейресми халықаралық клуб. Ол халықаралық ұйым емес. Халықаралық келісімге негізделіп әрекет етпейді. Жарғысы, хатшылығы жоқ. Сондықтан жетіліктің қабылдаған шешімдерінің ешқандай құқықтық негізі жоқ. Осыдан олар не үшін жиналады деген орынды сұрақ қойылуы мүмкін. Дамыған елдер жиналған кезде алдағы іс-қимылдары мен ниеттерін айқындап, уағдаластыққа келеді. Бірлесе әрекет ету жолдарын ұсынады. Келіссөздер барысында ортақ стратегия жасалады.

Мұндай форматтағы кездесулерді өткізу идеясы АҚШ президенті Вудро Вильсонға тиесілі. Оның бастамасымен бірінші дүние-

жүзілік соғыстан кейін антигерманиялық коалицияға мүше елдердің басшылары бас қосқан. Ол кезде Group of Seven емес, Group of Four болған. Клубқа АҚШ, Ұлыбритания, Италия және Франция енді. «Төрттік тобы» алғаш рет 1919 жылы қаңтарда Париж бейбіт конференциясында кездесті. Кездесуге Вудро Вильсон (АҚШ), Дэвид Ллойд-Жорж (Ұлыбритания), Витторио Орландо (Италия) және Жорж Клеменсо (Франция) қатысты.

Биыл G7 құрамына кіретін елдердің басшылары Италияда 50-саммит аясында кездесіп еді. Себебі, Италия төрағалық қызмет атқаруда. Енді міне, жоғары деңгейдегі кездесу БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-сессиясы аясында өтті. Бұл жолы шараға сыртқы саяси ведомство басшылары қатысты. Атап өтер болсақ, Энтони Блинкен (АҚШ), Жан Ноэль-Барро (Франция), Мелани Жоли (Канада), Антонио Таяни (Италия), Еки Камикава (Жапония), Анналено Берлок (Германия), Дэвид Лемми (Ұлыбритания), сондай-ақ Еуропалық одақ-



(Фотолереккөз: banks.am.ru).

тын сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты мәселелері бойынша Жоғарғы өкілі Жозеп Боррель.

СЫРТҚЫ САЯСИ БАСЫМДЫҚТАР ӨЗГЕРМЕЙДІ

«Жетілік тобы» БҰҰ Бас Ассамблеясы апталығында кездесу соңында сыртқы саяси бағыт-бағдарының өзгермейтінін аңғартты. 24 қыркүйекте топтың ресми мәлімдемесі жарияланды. Оған сәйкес жетіліктің сыртқы саясаттағы басымдықтары төмендегідей белгіленді:

- «Болашақ саммиті». «Болашақ саммитінде» қабылданған «Болашақ туралы пактіде» көрсетілгендей, G7 мүшелері БҰҰ жүйесінде елдермен және барлық тиісті мүдделі тараптармен диалог арқылы жұмыс істеуді жалғастыруға, көпжақты жүйені қолдау және реформалау мақсатында ортақ шешімдерге ұмтылуда өзара

түсіністік пен құрмет көрсетуге уағдаласты. Сонымен қатар, олар БҰҰ Бас хатшысының, Бас Ассамблеясының рөлін нығайту үшін БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттермен жұмыс істеуге адалдықтарын растады. Қала берді БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалауды қолдады.

- Украина мәселесі. Бұл мәселеде G7 мүшелері Украина халқын толық қолдайтынын және осы бағытта жұмысты жалғастыратынын мәлімдеді.

- Таяу Шығыстағы жағдай. Басты тақырып былтыр басталған Израиль мен ХАМАС арасындағы әскери қақтығыс болды. Бұған қатысты G7 мүшелері ХАМАС-тың қорқынышты шабуылдарын тағы да айыптады. Олар Таяу Шығыстағы жағдайдың ушығуынан ешбір ел пайда көрмейтінін атап өтіп, қазіргі қиратушы циклді тоқтатуға шақырды. Сондай-ақ, G7 мүшелері Газадағы қақтығыс тараптары арасын-

дағы жағдайды реттеуге бағытталған АҚШ-тың, Мысыр мен Катардың жалғасып жатқан делдалдық бастамаларын қолдайтынын растады.

- Африка елдерімен әріптестік қатынастарды дамыту. G7 мүшелері Африка елдерімен және құрлықтағы өңірлік ұйымдармен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту қажеттігін атап өтті. Африкалық елдерге қаржылай қолдау көрсетуден басқа, олар G7 ресурстарын үйлестіруді және тиімділігін жақсартуға, ішкі ресурстарды жұмылдыруға және жеке инвестицияларды ұлғайтуды көздейтінін білдірді. Сондай-ақ, «Жиырмалық тобына» (G20) Африка одағының тұрақты мүше болғанын қолдады.

- Үнді-Тынық мұхиты аймағы. Бұл аймақта G7 үшін басты әріптес АСЕАН елдері болып қала береді. Сонымен қатар, ҚХР-мен де байланысты жоғалтпайтындарын мәлімдеп, Бейжіңнің әлемдік экономикадағы рөлін жоғары бағалады.

- Аймақтық өзге де мәселелер. Бұдан басқа G7 елдері өзге де аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасты. Мүше елдерді Венесуэла, Гаити, Ливия және Судандағы ішкі саяси мәселелер алаңдатып отыр.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ТАЯУ ШЫҒЫС ТҮНЕРІП ТҰР...

Насралла көз жұмды. «Хезболланың» ендігі қадамы қандай болмақ?

Сенбіге қараған түні Ливандағы «Хезболла» тобының жоғары жетекшісі Хасан Насралла Израильдің шабуылы кезінде қаза тапты. Қазірге дейін де Израиль Ливандағы исламшыл күштерге қарсы жүйелі шабуылын жалғастырып келе жатқаны мәлім. Әуе соққылары, байланыс құралдарының жарылуы сынды жоспарлы шабуыл әрекеттерінен Ливан жерінде мыңға жуық адам көз жұмған болатын. Ал Насралланың қаза болуы мүлде басқа деңгейдегі оқиға. Бұл аймақтағы ауқымды соғыстың шекарасын анықтаған оқиға десе болады. Қазір әлем елдері эне-міне басталып кетуге жақын тұрған қақтығыстың жайын бақылап тұрғандай. Осы тұста біз басылым оқырмандарына Таяу Шығыста туылуы ықтимал қақтығыс қауіптерін, оның жаһандық әсерлерін сараптап жеткізгіміз келеді.

«СОҒЫСТЫҢ РЕСМИ ХАБАРЫ»

«Хезболла» лидері қаза тапқаннан кейін Ливандағы және аймақтағы өзге ақпарат құралдары да бұны «соғыстың ресми хабары» ретінде таратты. Бұлай деулеріне өзіндік себеп те бар, Насралла аталған ұйымды 1992 жылдан бері басқарып келеді. Әрі аймақта аса ықпалды лидерлердің бірі саналады. Оның абырой-беделі тіпті өзі жетекшілік еткен ұйымнан да ауқымды десе артық емес. Себебі, исламшыл ұйымның Ливанда қазіргідей ықпалды бола алуында Насралланың рөлі айрықша болған. Ол бір жағынан Иранның қолдауына сүйеніп, ұйымның стратегиясын бекітіп, саясатын белгілеп келген адам. Тіпті, соңғы жылдары белгілі деңгейде Тегераннан дербес іс-қимылдарға дейін жете алған топтың ішкі және сыртқы саясаты дерлік Хасан Насралламен байланысты болып тұрған шағы еді.

Аталған топтың лидері өзінің Тегеранмен болған жеке қарым-қатынасының негізінде ұйымның аймақтағы ықпалын да күшейтіп келген. Тіпті, кейбір жергілікті сарапшылар Насралланың ұйым ішіндегі орнын алмастыра алатын

ешбір лидер жоқ деген пікірлерді де айтуға. Бұлай деуіне оның соғыскер топтың стратегиясын анықтап, тактикалық әскери іс-қимылдарына дейін ұйымдастырушы тұлға болуы себеп болса керек.

«ХЕЗБОЛЛАНЫҢ» ЕНДІГІ ӘРЕКЕТІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Ұйымның бұрынғы лидері Аббас Мусави де Израильдің зымыран шабуылынан көз жұмған. 1992 жылы Мусави қаза болған кезде де көптеген сыншылар ұйым ішінде оның ісін тең деңгейде алып жүретін лидер жоқ деп таныған еді. Алайда, көп ұзамай, Насралла өзінің ұйым ішінде және аймақтағы ықпал-әсерін көрсете бастаған болатын.

Көшбасшыдан айырылған «Хезболла» тағы бір мәрте есеңгіреп қалды десе болады. Дегенмен, ұйым өзі қаласа да, қаламаса да жаңа жетекшісінің атын атап жариялап, ұйымның бекемдігін көрсетуге тырысары анық. Ұйымның алдағы бағыт-бағдары, өз жауына деген іс-қимылы алғашқы қадамына жаңа лидердің алғашқы қадамынан-ақ білуге болады.

Барлық іс-қимылдарын үйлестіріп келген лидердің өлтірілуі

ұйым үшін зор жоғалту. Бұның әсерінен қазірдің өзінде ұйымда тұрақсыздық бар екені байқалады. Яғни Израильге қарымта жауаптары жеткілікті деңгейде болған жоқ. Бұған қоса, сарапшылар алдағы уақытта ұйым стратегиясын жаңартуы мүмкін деген болжамдарды айта бастады.

Қалай деген күнде де «Хезболла» қуатынан айырыла қойған жоқ. Газаны бақылауында ұстап келген «ХАМАС»-пен салыстырғанда ұйым әлдеқайда ықпалды әрі қуатты. Әскери қуаты жағынан да екі топты салыстыруға келмейтіндей, Газа соғысы басталудан бұрын да Ливандағы бұл ұйым Израильдің ең үлкен қорқынышының бірі болып тұрды. Ұйым үнемі Тель-Авивті өзінің алыс қашықтыққа жететін мындаған зымырандарымен қорқытып келген. «Хамас» қарулы тобы былтыр қазан айында Израильге шабуыл бастаған тұста, «Хезболла» да еврей мемлекетіне қарсы әуе шабуылын жасап, Газадағы исламшыл қозғалыспен тілектестігін танытқан.

Ықпалды топтың Ливан ішіндегі болашақ саяси тағдырына болжам жасау қазірше қиын. Бұл бір жағынан, Израильмен болғалы тұрған ықтимал соғыс нәтижесіне де байланысты. Сөйтсе де, қазірдің өзінде кейбір ақпарат құралдары ұйым ішіндегі ықтимал жаңа лидерлерді қарастырып жатқанға ұқсайды. Бұндай уақыттағы ұйымның іс-қимылдарына Иран тарапы да өзінің терең ықпалын жасайтыны сөзсіз.

ИЗРАИЛЬГЕ СОҒЫС КЕРЕК ПЕ?

Газаны жермен жексен еткен Израиль армиясы соңғы уақыттарда солтүстік шекарасының сыртындағы нысаналарды жітірмелете соққы-

лады. Ресми мәліметтерінің бәрінде Тель-Авив «Хезболлаға» тиесілі әскери нысандарды соққылап жатқандарын айтты. Алайда, әр реткі шабуылдан ондап, жүздеп бейбіт тұрғындар қаза тауып жатыр. Еврей жасақтарының шекара маңындағы әрекеттеріне қарағанда, шабуыл тек әуемен шектелмейтін секілді. Жақын арада Израиль Ливан территориясына құрлық әскерлері арқылы басып кіруі мүмкін. Бұлай деуімізге еврей генерал Герци Халевидің сөзі себеп. Израиль армиясының жоғары дәрежелі басшысы Халеви шекара маңындағы әскерлермен кездесу кезінде барлық әрекетке дайын болуын мәлімдеген еді. Ол сөзінде Ливандағы дұшпандарына қарсы аса маңызды әрекетті жоспарлап жатқанын, бұл дегеніміз құрлық әскерлері Ливан ішінде соғысуға дайын болуы керек дегенді білдіретінін мәлімдеген болатын.

Израиль премьер-министрі болса басталған ұрысты пайдаланып еліне төнетін барлық қауіпті біржолата жоймай тынбайтынын аңғартып отыр. Ол сөзінде Израильге жасалған қастандық бірнеше есесімен қайтарылатынын қайта-қайта айтудан келеді. Газадағыдай Ливанда да сұрапыл қақтығыс орын алса, бұл расымен де аймақтағы ауқымды соғыстың басталғанын білдіреді.

ЖАҒАНДЫҚ ЖАНЖАЛ ДАБЫЛЫ МА?

Израильдің әрбір әрекетіне, былтыр қазанда бастаған әскери іс-қимылдарына, әрбір стратегиялық қадамдарына талдау жасай отырып, оның барлық әрекетінің мақсаты аймақтағы ең үлкен қарсыласын соғысқа тарту екенін көрсек болады. Яғни Израиль «Хамас»-қа сілейте соққы берді, тіпті бейкүнә

балаларды қосқанда 40 мыңнан астам адам көз жұмғанына да қарамады. Газада сау қалған құрылыс нысаны жоқ деуге де болады. Ал онымен бірге ұйым лидерін Ирандағы жаңа президентті ұлықтау рәсімі кезінде өлтірді. Ливандағы «Хезболланы» да нысанаға алып, тынбай соққылап келеді, міне енді Насралланың да көзін жойды.

Шын мәнінде, осы әрекеттің бәрі Иранның аймақтағы ықпал әсерін түбегейлі қиратуға бағытталғаны көрініп тұр. Тегеран астыртын және ашық қолдайтын аймақтағы қарулы топтардың, түрлі ұйымдардың соққыға тап болуы, басшыларының өлтірілуі Иран Ислам Республикасының Аятолла жетекшілік ететін режиміне де үлкен сындарды алып келуде.

Ең қызығы, өзінің аймақтағы мүддесіне осынша ауыр соққыларды қабылдай отырып, Иран әлі де үнсіздік танытуда. Соның өзінен ресми соғысқа араласудың Иран үшін тиімсіз күйде екенін бағамдай аламыз. Мүмкін бұл оның режимі үшін күйреумен тең жағдайға соқтыруға да ғажап емес. Өйткенмен, Тегеранның төзімі қай жерге дейін барары тағы белгісіз. Егер осы аталған аймақтағы қақтығыстардың өршуі және Украинадағы соғыстың жаңа қарқын алуы, тараптардың шешуші іс-қимылдарға бара бастауын ұштастырсақ жаһандық жанжалдың дабылын қағып тұр деуге болады.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.





ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА



Суретті түсірген Самат Құсайынұлов.

Туристер көбейді

Алматы туризм бюросы баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, мегаполиске келетін туристер жайлы зерттеу нәтижесімен бөлісті. Бюро 1200 шетелдік туристен сауалнама жүргізген.

Досбол
АТАЖАН

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, осы жылдың 6 айында Алматыға 1 070 358 турист келген. Оның ішінде ішкі туристердің үлесі – 768 мың, ал шетелдік қонақтар – 302 мың. Алматы туризм бюросы Маркетинг және сараптама бөлімінің жетекшісі Руслан Жанабаев ішкі және шетелдік туристердің айырмашылықтарын атай отырып, бюро жүргізген зерттеу нәтижесімен бөлісті.

– Алматыға келетін шетелдік қонақтар негізінен 26–35 жас аралығындағы ер адамдар. Олардың 40%-ы жалғыз, 30%-ы достарымен және 30%-ы отбасымен келеді. Алматыда орта есеппен 5 күн болады және әр күн сайын орта есеппен 334 АҚШ долларын жұмсайды. Туристердің 68%-ы демалуға, 32%-ы іскерлік мақсатта келеді. Жұмсалған қаражаттың 50%-ы жатын орынға кетеді, – деді ол.

Сондай-ақ, Руслан Жанабаев еліміздің мәдени астанасына қыдырып келетін ішкі туристерге де тоқталды. Оның айтуынша, қазақстандықтар шетелдік қонақтарға қарағанда 8,7 есе аз ақша жұмсайды.

– Алматыға келетін ішкі туристердің орта жасы 18–25 жас аралығында. Олардың 68%-ы туысқандарының үйінде тоқтайды. Орта есеппен қалада 2 күн болады және орта есеппен 38 доллар жұмсайды. Яғни шетелдік туристерге қарағанда 8,7 есе аз қаражат кетеді. Осы себепті, біз қазір ішкі туристерге қарағанда шетелдік қонақтарды шақыруға тырысамыз. Жай ғана шетелдік емес, жоспарлы түрде келетін қалталы туристерді шақыру бойынша жұмыстар жүргіземіз, – деді бюро өкілі.

Баяндама соңында Руслан Жанабаев әлеуметтік желілердің туризмге әсеріне тоқталды. Оның айтуынша, еуропалықтардың 40 пайызы әлеуметтік желіден көрген бейнежазбаларына сүйене отырып, саяхаттау туралы шешім шығарады. Ал 18 бен 24 жас аралығындағы азаматтар саяхаттау бағыттарын Instagram және TikTok желілерін іздейді. Сондай-ақ, 2023 жылы саяхатшылардың 75 пайызы әлеуметтік желіден шабыт алған.

ЦИФРЛАНДЫРУ

СТАРТАПТАР МЕН ІТ
ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ

Бұл жобаға 2,5 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды

Алматыда стартаптар мен ІТ экожүйесін дамыту жобасы аясында биыл жылдың басынан бері 2,5 млрд теңге инвестиция тартылып, 217 жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл туралы қаланың цифрландыру басқармасы хабарлады.

Мегаполисте Орталық Азияда киберспорт пен ойын индустриясының басты хабын құруға бағытталған Almaty Cyber Games (ACG) жобасы жүзеге асырылуда. Цифрландыру басқармасы Setanta отбасы арналарымен бірқатар келісім жасалып, халықаралық деңгейдегі ірі спорттық іс-шаралар көрсетілетін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын мәлімдеді.

ACG Орталық Азиядағы телевизия арқылы көрсетілетін алғашқы көпсалалы киберспорт оқиғасы болды, ол Қазақстанда, Орталық Азияда және бірнеше жақын шет елдерде көрсетілуде.

Телевидение арқылы ынтымақтастық жобаның қамту аясын 6 миллион адамға дейін кеңейтуге, жобаның танымалдылығын арттыруға, оның халықаралық аренадағы мәртебесі мен беделін көтеруге мүмкіндік берді.



ACG жобасы Logitech ірі әлемдік технологиялық компаниясын тартты және оны Алматы нарығына біріктіру үшін Tencent Games-пен ынтымақтастық орнатты. Қаланың университеттеріне арналған ойын индустриясы мен киберспорт бойынша білім беру бағдарламалары әзірленді, бұл бағдарламалар 70-тен астам маманды даярлап, жұмысқа орналастыруды көздейді. MOST бизнес-инкубаторының бағдарламаларына (инкубация, акселерация, масштабтау) 292 стартап қатысты.

Жыл басынан бері Орталық Азиядағы ең сұранысқа ие флагмандық бағдарлама – IRA (Investment Readiness Accelerator) бағдарламасының үш кезеңінің екеуі өткізілді. Бұл бағдарлама Алматы мен Орталық Азияның Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерінен келген стартаптарға арналған. Бағдарламаға осы елдерден 42 стартап қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

ШЕТ ТІЛІН ТЕГІН ҮЙРЕНІҢІЗ!

5000-нан астам Алматы тұрғындары мемлекеттік және шет ел тілдерін тегін үйренуге бағытталған «Тілдер паркі» әлеуметтік жобасына қатысып жатыр.

Жоба Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылып, қаланың барлық ауданын қамтиды. Оның басты ерекшелігі – курстардың ашық аспан астында өткізілуі. Жоба аясында сондай-ақ, сөйлесу клубтары мен тілдік алмасу ұйымдастырылып, қатысушылардың алған білімін тәжірибеде қолдануына және сөйлеу дағдысын жақсартуға ықпал етеді.

Мұнда қазақ, ағылшын, қытай, корей, жапон, француз, түрік және орыс тілдері бойынша курстар ұсынылады. Сабақ жазғы маусымда аптасына 3 рет өткізіліп, 6-дан 60 жасқа дейінгі барлық жастағы қатысушыға арналған. Курсты аяқтаған соң сертификат беріледі.

Қыркүйек айының ортасынан бастап күзгі-қысқы кезеңге өтуге байланысты тілдерді оқыту комьюнити-орталықтардың ғимараттарында жалғасуда. Кестені ауданыңыздағы комьюнити-орталықтан немесе Call-орталықтың +7 747 821 64 78 нөмірі арқылы білуге болады.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Көтерілген
мәселелер
бақылауда
болады

Алматының Достық үйінде кәсіпкерлерге «Бірыңғай есеп беру күні» өтті. Қалалық бақылау-қадағалау органдары 2024 жылдың 1 қаңтары мен 1 тамызы аралығында атқарылған жұмыс туралы ақпаратпен бөлісті.

«Бірыңғай есеп беру күнінде» қаладағы бизнестің жай-күйі талқыланды. Есеп берудің мақсаты – кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және қауіпсіз қызметті ұйымдастыру. Шараға кәсіпкерлік субъектілері, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, бақылау және қадағалау органдары, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, сондай-ақ қаланың прокуратура органдарының мамандары қатысты.

– Бұл қаламыздың кәсіпкерлері мен қалалық бақылау-қадағалау органдары арасында өтетін дәстүрлі жиналыстардың бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен мұндай «Дөңгелек үстел» жыл сайын өтеді. Кездесу барысында әртүрлі сұрақтар көтерілді. Олардың қатарында: санитарлық бақылау, салық мәселесі және өзге де сұрақтар бар. Мұндай жиналыстар біздің кәсіпкерлердің мәселелерін тыңдап, жүйелі түрде шешуге мүмкіндік береді, – деді Алматы қаласы бойынша кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Мейрамбек Қаныбеков.

Сондай-ақ, ол жиынға қатысқан кәсіпкерлердің сұрақтары алматылық кәсіпкерлер палатасының бақылауында болатынын атап өтті.

– «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қолдауымен 2023 жылы 7 мыңнан астам кәсіпкерге көмек көрсетілді. Бүгін «Дөңгелек үстел» кезінде айтылған барлық мәселелер тиісті органдарға жіберіліп, оның шешілуі біздің бақылауымызда болады, – деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ:

Балабақша педагогтары үшін біліктілікті арттыру курстары басталды

Биыл 23 қыркүйектен бастап Алматыда мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтарына арналған біліктілікті арттыру курстарының үшінші кезеңі басталды. Бұл туралы қалалық білім басқармасы хабарлады. Бұл жолы курстарға арнайы білім беру педагогтары, яғни ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен тікелей жұмыс істейтін педагогтар қатысып жатыр.

Үш аптаға созылатын курс барысында балабақша педагогтары білім беру бағдарламасы аясында мектепке дейінгі және инклюзивті білім беру саласындағы өзекті трендтермен танысады.

Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім беру тақырыбы бұрынғыдан да өзекті. Әр баланың толыққанды дамуы мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, әсіресе мектепке дейінгі білім берудегі басым бағыт саналады.

Айта кетейік, Білім басқармасы 2025 жылға дейінгі қаланы дамытудың Жол картасына сәйкес педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты белсенді түрде жүргізіп отыр. Биыл инно-

вациялық әдістемелер бойынша 440 педагог оқудан өтіп жатыр, олардың 150-і психофизикалық ақауларды түзету, балалардың моторикасын, сөйлеуін дамыту және әлеуметтік бейімделуге қатысатын арнайы педагогтар.

Біліктілікті арттыру курстарының барысында педагогтар кәсіби-адамгершілік қасиетін жақсартып, арнайы педагогтардың қызметіндегі заманауи әлемдік үрдістерді, қолданбалы мінез-құлықты талдау әдістері мен ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудегі сенсорлық интеграцияны меңгереді.

Ұйымдастырушылар балабақшалардың арнайы педагогтары үшін курстар-

дың өзектілігі шешуді қажет ететін бірқатар мәселелерге байланысты екенін атады. «Бұл түзету жұмыс әдістерін жетілдіру, инклюзивті білім берудің әдістемелік қамтамасыз етуін трансформациялауда ғылыми әдістерді пайдалану, балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізудегі тәсілдерді жетілдіру, тәжірибеге бағдарланған технологияларды қолданудың заманауи тәсілдерін енгізу. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін арнайы жағдай жасау – қаладағы мектепке дейінгі білім сапасын арттыруда өте маңызды аспект», – дейді Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі тәрбие және білім беру бөлімінің жетекшісі Раушан Тұмаева.

Курсқа жетекші халықаралық және отандық жаттықтырушылар мен сарапшылар тартылған. Үш апталық курстарды аяқтағаннан кейін арнайы педагогтар біліктілікті арттыру туралы сертификат алады.

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ПАРЫЗ ЖӘНЕ ПАЙЫЗ

Енді бірнеше күннен кейін көптен бері халық арасындағы ой додасы дүбіріне түрткі болған, еліміз үшін маңызды мәселенің түйіні шешілмек. Қоғамды АЭС елесі кезіп жүр.

Қазір атом энергиясын салу-салмау төңірегінде, оның плюсі мен минусы жайлы түрлі жорамал айтылуда: сарапшылардың атом электр стансасының пайдасы және болашағы туралы ғылыми негізделген тұжырымдары мен мамандар көзқарасы да, жаңа замандағы бейбіт атом құрылысын қолдаған белсенді азаматтардың түрлі пікір, тілек, ұсыныстары да бар. Сондай-ақ, өткен ғасырдағы Семей полигонының зардаптарын, Фукусима мен Чернобыль апаттарын еске түсіріп, болжалды қатерден сақтануға шақырған дабылды әңгімелер де жоқ емес.

Қоғамды дүрліктірген тақырыптан біз де қалыс қала алмадық. Оқырманға жеткізу үшін осы бағдардағы түрлі ақпараттарға үңілдік, түрлі пікірлерді зерделеп көрдік. Сарапшылардың талдауларын сараптадық, мамандардың ой-бағамдарын бағдарладық. Бейбіт атом энергетикасына күдікпен, үреймен қарайтын замандастарымызға есімі жалпақ жұртқа танымал мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, білікті экономист Жаксыбек Әбдірахмет Күлекевтің АЭС-ке қатысты AbayLive YouTube арнасына берген сұхбатын көруге кеңес берер едік. Кезінде өзі министр болып тұрғанда атом энергетикасына қарсы болған ғалым қазір АЭС құрылысын неліктен қолдайтынын нақты деректермен, сенімді де дәйекті дәлелдермен түсіндірген.

Жалпы, елдің даму жолындағы кез келген бастама – мемлекеттік қажеттіліктен туындайтыны сөзсіз. Бұл, ең алдымен, сол елдің халықаралық қоғамдастық алдындағы міндеттемесін орындау үшін, энергетикалық тепе-теңдігін әртараптандыру мен әлеуметтік-экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін қажет. Мәселен, 2015 жылғы Париж Декларациясының талабына сәйкес, барлық заманауи елдер энергияның таза көздерін пайдалануға көшуі, оны экономикасының барлық саласына енгізуі тиіс. Қазақстан 2060 жылға қарай жаһандық экологиялық стандарттарды сақтау мен көміртегі бейтараптығына ұмтылу бойынша міндеттемелер қабылдаған. Ал бұл талап орындалмаған жағдайда, лас энергия көздерін пайдаланған тарапқа (Қазақстан энергияның 68%-ын көмірден өндіреді) түрлі айыппар мен салықтар салынбақ және сол елдің экспортқа тауар шығару қабілеті (еліміз өнімнің 40%-ын экспортқа шығарады) төмендейді. Егер энергияның балама көздеріне көшуді қолға алмаса, еліміз бұл көрсеткіш бойынша жыл сайын ұтыла бермек.

Осыны ескерсек, модернизацияға мұқтаж көмір электр стансаларына деген тәуелділіктен арыла алмай отырған шақта біздің алдымызда энергетикалық сектордың болашағын айқындайтын маңызды таңдау тұрғаны айтпаса да түсінікті.

Ғалымның тұжырымдауынша, энергетиканың кез келген саласы халықаралық интеграцияны қажет етеді. Кез келген үлкен жоба шетелдіктердің қатысуымен жүзеге асады. Мысалы, мұнай саласындағы Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарында Америка, Франция, Англия, Италия компаниялары жұмыс істеуде. Біз солардың технологияларына тәуелдіміз. АЭС саласы да солай. Оған қажетті реакторларды шығаратын елдер арасында ең арзаны Ресей мен Қытай. Қазір тақырыпқа орай Ресей, Оңтүстік Корея, Франция, Қытай технологиялары мен ұсыныстары сарапталуда. АҚШ пен Франция байыттылған уранды Ресейден алып отыр. Уран өндіруден Ресей әлемде бірінші орында. Референдумда халық қолдау білдірген жағдайда ғана бұл салада нақты қадамдар басталмақ. Әзірге бәрі зерттеу сатысында. Ал елді алаңдатар бір қауіп – кадр тапшылығы десек, егер шешім қабылданып жатса, таңдалған мемлекет технологиясына қарай 1000 инженер-маман даярлау қиын емес, оған еліміздің әлеуеті жетеді.

Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ғұмар Серғазин мәлімдегендей, елімізде АЭС салуға барлық алғышарттар бар: шикізат қоры жеткілікті, өндіріс жоғары деңгейде дамыған, ғылыми әлеуетіміз көптеген дамыған елдерден алда. Үміткер төрт компанияның біреуімен келісімге қол қойылса, алдағы он жылда қазақстандық мамандар шетелдік атом электр станцияларында тәжірибе жинақтайтын болады.

Сонымен, АЭС салу – мемлекеттік қажеттілік десек, оған қараша не дейді? Алдағы жексенбіде, 6 қазан күні елімізде өтетін жалпыхалықтық референдумда аталмыш тренд-мәселенің нақты шешімі қабылданбақ. Бұл қазақ елінің болашағы үшін стратегиялық шешім болмақ. Демек, азаматтық парыз бен референдумға қатысатын жалпы электораттың пайыздық көрсеткіші сынға түсер шақ осы. Әркім мемлекет пен болашақ ұрпақ алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін түйсінгені абзал. Сол үшін де әркімнің дауысы маңызды!


Төрехан ДАНИЯРОВ.



АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

туралы не білеміз?

Атом энергетикасы дегеніміз, бұл – атом электр стансаларын пайдаланып электр энергиясын өндіру әдісі. Мұндағы негізгі принцип – реакторда ядролық бөліну деп аталатын процесс жүретіндігінде, яғни атомдардың ядролары (көп ретте уран немесе плутоний) одан да кішірек бөлшектерге ыдырайды. Соның нәтижесінде көп мөлшерде жылу бөлінеді.



Реактордан бөлінетін жылу суды қайнатып, буға айналдыру үшін пайдаланылады. Ол өз кезегінде электр энергиясын өндіретін турбиналарды айналдырады.

Атом электр стансалары электр энергиясын өндіру кезінде атмосфераға парниктік газдарды шығармайды.

Осы аспекті тұрғысынан алғанда олар экологиялық таза деп танылған. Дегенмен, ядролық қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және жою мұқият қадағалауды және қатаң қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етеді.

Атом энергетикасы энергияға деген жаһандық сұранысты қанағаттандыруда шешуші рөл атқарады. Соңғы 50 жылда атом энергетикасы 60 Гт-дан астам CO2 қалдығын бөлуді болдырмауға көмектесті, бұл бүкіл жаһандық энергетикалық сектордың екі жылға жуық бөлетін қалдығына тең.

Қауіпсіздік және сенімділік: МАГАТЭ-нің халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді барынша азайту мақсаты мен белсенді қолдауының арқасында АЭС анағұрлым сенімді қондырғы болып саналады.

Әлемдік статистика және құрылыс: қазір 31 елде 415 ядролық энергетикалық реактор жұмыс істейді. Көптеген ел, соның ішінде Қытай, Үндістан және Ресей климаттың өзгеруімен күресу үшін тұрақты дамуды, энергетикалық тәуелсіздікті және көміртегі шығарындыларын азайтуды мақсат етіп, жаңа атом электр стансаларын белсенді түрде салуда.

Технологиялар эволюциясы: қазіргі негізгі тенденция заманауи және анағұрлым қауіпсіздей III/III+ буынды реакторларға көшу, ал I буындағы соңғы

жүйелер қазіргі уақытта пайдаланудан шығарылуда.

АЭС-тің экология мен денсаулыққа әсері: Атом электр стансалары әлдеқашан-ақ көптеген әлем елдерінің бүгінгі энергетикалық инфрақұрылымының ажырамас бір бөлігіне айналды.

Су ресурстары және экожүйе: су қоймаларының жасағында атом электр стансаларын салу суды ысырап болудан сақтайды, яки табиғи булану көлемінің небәрі 0,32 пайыз көлемінде суды пайдаланатын заманауи технологияларды қолдануды талап етеді. Ол маңдағы су ресурстарын экожүйенің жағдайын жақсарту үшін де пайдалануға болады.

Қоршаған ортаны қорғау: АЭС парник газдар қалдықтарының ауаға таралуын айтарлықтай төмендетеді, соның ішінде көмір стансаларынан 135 есе және газ стансаларынан 73 есе аз. Қазақстан Париж келісімі аясында 2030 жылға қарай көмірмен жұмыс істейтін жылу электр орталықтарын CO2 газын бөлмейтін атом стансаларымен алмастыра отырып, парник газдар қалдығын 15%-ға азайтуды мақсат етіп отыр.

Халықтың қауіпсіздігі: заманауи III және III+ буынды реакторлар ішкі және сыртқы қауіптерден қорғайтын активті және пассивті қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Бұл стансалардың конструкциялары ерекше төзімді және қорғаныс күмбезінің болуына байланысты табиғи апаттарға, соның ішінде 8 балға дейінгі жер сілкіністеріне төтеп бере алады.

Халықаралық әріптестік пен стандарттар: Қазақстанда АЭС салу және пайдалану жобасы МАГАТЭ әзірлеген халықаралық стандарттарға бағытталған, бұл қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Әлемнің 31-ден астам елінде АЭС салынып, пайдаланылып жатқаны мұндай нысандардың жоғары сұранысқа ие екенін және қауіпсіз жұмыс істейтінін нақтылай түседі.

АЭС дәстүрлі энергетикалық шешімдерге қарсы орнықты және экологиялық қауіпсіз балама ұсынады, ол су ресурстарына қысымды төмендетеді және парник газдардың қалдықтарын азайтады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: aes2024.kz).



● ПРЕЗИДЕНТ

БІРТҰТАС ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ИДЕЯСЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы конференцияға қатысушыларға қоғамдық өмірдің барлық саласында жүзеге асырылып жатқан Қазақстандағы ауқымды өзгерістер жөнінде мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, саяси реформалардың ең басты жаңалығы – Конституцияда Президент мандатын 7 жылдық бір мерзіммен шектеу туралы ереженің бекітілуі.

– Мұндай норма посткеңестік елдердің, тіпті одан тысқары мемлекеттердің ешқайсысында жоқ. Менің ойымша, Президентті бір рет жеті жылға сайлау – оның сайлауалды бағдарламасы мен реформаларын жүзеге асыруға жеткілікті уақыт. Оған қоса, Президент – халық жалдаған мемлекеттік қызметкер. Елімізде Заң мен Тәртіп үстемдік құруға тиіс екеніне сенімдімін. Тек сонда ғана реформаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға қажетті жағдай жасай аламыз. Заң мен Тәртіп – Әділетті Қазақстанның негізі. Әділдікке қашан да, қай жерде де мұқтаждық бар. Біздің елде де солай. Қолға алған реформаларды іске асыру қаншалықты қиын болса да, діндеген мақсатымызға жетпей қоймаймыз. Оны ешкім тоқтатпақ тұрмақ, бағытынан жаңылдыра алмайды, – деген Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достық байланыстарды нығайтуда білім саласының маңызы зор екенін атап өтті. Президент тұжырымдағандай, қазір Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент оқиды. Бүгінде елімізде Ресейдің танымал жоғары оқу орындарының филиалдары табысты жұмыс істеп келеді. Қазақстанда Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын ашу жоспарланып отыр.

Пленарлық отырыста Ресей Президентінің көмекшісі Владимир Мединский конференция қатысушыларына Владимир Путиннің сәлемін жеткізді. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ректоры Анатолий Торкунов оқу орнының 80 жылдығына орай осынау іс-шараны ұйымдастырғаны үшін Қазақстан тарапына алғыс айтты.

Жиынға Қазақстан мен Ресейдің көрнекті ғалымдары, дипломатиялық қызмет ардагерлері, мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшылары, саясаттанушылар және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● САРАПТАМА



(Дереккөз: www.midjourney.com).

Соңғы екі жыл көлемінде қоғамда атом электр станциясын салу туралы пікір кеңінен талқыланды. Биылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында референдумның нақты күні анықталды. Енді бес күннен кейін еліміздің азаматтары референдумға барып, «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауалға өз жауабын таңдап, дауыс береді. Байқағанымыз, қоғамда референдум бойынша пікір алуандығы қалыптасқан. Әрбір өркениетті қоғамдағыдай, АЭС құрылысын қолдайтындар да, қолдамайтындар да бар. Бұл – әрбір азаматтың жеке таңдауы. Десе де, мақаламызда референдумның саяси процесс ретіндегі ықпалы мен маңызын талдап көрейік.

ТАҢДАУ ЖАСАУ – АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамның саяси белсенділігін арттыруда референдумның маңызы зор

• Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, референдум туралы заңнамаға сәйкес, дауыс берушілердің жалпы санының жартысынан көбі қатысты, таңдауын жасаса, референдум легитимді деп саналады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, еліміздегі 20 000 000 азаматтың тек 12 244 683 дауыс беру құқығына ие. Аталмыш азаматтардың кем дегенде жартысы, 6 122 342 азамат референдумға қатысты, өз таңдауын жасаса, референдум өткізілді деп есептелінеді.

• Елімізде Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша өткізілген 2022 жылғы референдумда сайлау құқығы бар азаматтардың жалпы саны 11 734 642 адамды құрап, оның ішінде 7 986 293 адам немесе 68,06 пайызы дауыс беруге қатысты. Дауыс берушілердің 77,18 пайызы Конституцияға өзгерістер енгізуді қолдап дауыс берсе, 18,66%-ы, яғни 1 490 475 адам қарсы болды.

Билік пен халық арасындағы байланыс тетігі

Атом электр станциясының құрылысы – Қазақстанның энергетикалық саясатындағы ең көп талқыға түскен мәселелердің бірі. АЭС құрылысының қажеттілігі мен оның ықтимал салдары туралы пікірталастардың айтылғанына біраз жыл болды, қоғам бұл процеске қатысуды талап етеді. 2023 жылы атом электр станциясын салу мәселесі бойынша референдум өткізу бастамасы туралы жарияланып, осылайша бұл шешімнің ел үшін маңызы айқындалды.

Әрбір демократиялық қоғамның айқын нышаны ашық, әділетті сайлау, референдум ғана өткізіп қоймай, аталмыш процестерді саяси процестердің ажырамас бөлшегіне айналдыру. Бүгінгі таңда Парламент, Президент сайлауын өткізуде дауыс берушілердің белсенділігі мен шешім қабылдау қабілетіне сәйкес, отандық модель қалыптасты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ата Занды қабылдауда Тұңғыш Президенттің өкілеттігін ұзарту бойынша референдум өткенімен, кейінгі кездері саяси коммуникация құралы ретінде кідіріп қалған болатын. Соңғы жылдары демократиялық қоғамның жарқын көрінісі ретінде референдум институты қайта жаңғыруда.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында референдумды дайындау мен өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың өкілінің сайлау учаскелерінде болу ережесі белгіленіп, нақтыланған. Референдумға қатысты қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу жүйесі енгізілген. Бұл тұрғыда маңызды ескеретін жайт, қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу мәртебесін арнайы тіркеуден өткен, сауалнама жүргізуге құқығы бар заңды тұлғалар ғана жүргізе алады. Бұл ереже өз кезегінде қоғамдық сауалнама желеуімен, халықтың пікірі деп жеке ой-пікірін енгізуден аулақ болу мақсатында қалыптасты. Дауыс беруге арналған бюллетень сайлаушылардың санына тең болады. Орталық сайлау комиссиясы мәліметіне сәйкес, тек 1 пайыздық резервпен қазақ және орыс тілінде дайындалады. Референдум ко-

миссияларының азаматтардың құқығын қорғауға қатысты шешім мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі заңнама аясында реттеледі. Конституцияға толықтырулар мен өзгерістер енгізілген 2022 жылғы референдумда Конституциялық заңға бұрын болмаған бұл өзгерістер биыл енгізілген еді. Аталмыш өзгерістер биыл АЭС құрылысы бойынша референдумның ашық әрі әділ өтуіне негіз жасайтын болады.

Ел болашағы алдындағы парыз

Елімізде референдум өткізу заңнама аясында реттеледі. Оның аясында референдум өткізуді шартты түрде негізгі төрт кезеңге бөліп қарастыра аламыз.

Біріншіден, референдум бастамасы. Заңнама аясында Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент немесе азаматтар бастама білдіру құқығына ие. АЭС салу мәселесі бойынша алғаш рет референдум өткізуді экономикалық және экологиялық тұрғыдан негіздеме жасай отырып, Қазақстан Үкіметі бастамашылық танытты.

Екінші кезең, аталмыш бастаманы ескере отырып референдум күнін жариялау. Республика Президенті бастаманың конституциялық нормаларға сәйкестігі туралы Конституциялық кеңестің қорытындысын алғаннан кейін референдум өткізу күні айқындалады. Әдетте, референдум күні оны өткізгенге дейін кемінде бір ай бұрын белгіленеді, бұл азаматтардың дауыс беруге дайындалуына мүмкіндік береді. Бірінші қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы аясында референдумды өткізудің нақты күнін белгіледі.

Үшінші кезең, сайлаушыларды тіркеу. Елімізде сайлаушыларды алдын ала тіркеу жүйесі жұмыс жасайды. 18 жасқа толған және сайлау құқығы бар азаматтар жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұсынған мәліметтер негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Төртіншіден, заңнама аясында халықты ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу. Референдумды ұйымдастырушылар азаматтарды алдағы дауыс беру туралы кеңінен хабардар етуді қамтамасыз етуге міндетті. Референдум алдындағы науқан кезінде БАҚ тарапынан жобаны жақтаушылар мен оған қарсы азаматтардың пікірлерін ашық білдіруіне тең жағдай жасау маңызды.

Бесіншіден, дауыс беру азаматтардың тұрғылықты жері бойынша ұйымдастырылған сайлау учаскелерінде өтеді. Референдум күні учаскелер таңғы 7.00-ден бастап кешкі 20.00-ге дейін ашық болады. Азаматтар жеке куәлігін немесе төлқұжатын көрсету арқылы дауыс бере алады. Дауыс беру аяқталғаннан кейін сайлау комиссиялары дауыстарды есептейді. Егер тіркелген сайлаушылардың 50%-дан астамы қатысса, референдум өткізілді деп есептеліп, шешім көпшіліктің дауыс саны негізінде қабылданады.

Референдумға қатысу – азаматтың құқығы ғана емес, сондай-ақ оның ел болашағы алдындағы азаматтық жауапкершілігі. Елімізде референдумның өзіндік бірегей моделін қалыптастыруда дауыс беру рәсімінің ашық әрі әділ өткізілуі маңызды. Сондықтан әрбір елінің болашағына бей-жай қарамайтын азамат үшін референдумға қатысып, таңдауын жасауы – азаматтық парыз деп есептейміз.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





«ЕҢБЕК АДАМЫ – 2024»

АБЫРОЙ – АДАЛ ЕҢБЕКТЕ

Марапатталған «Еңбек адамдарының» қатарында әріптесіміз – Рая Ескендір бар

Алматыда Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен әр саланың үздіктерін анықтау мақсатында «Еңбек адамы – 2024» жобасы жүзеге асырылды.

Досбол
АТАЖАН

Алматыда көп жылдар бойы адал еңбек етіп келе жатқан 15 азамат мемлекет пен мегаполистің дамуына қосқан үлесі үшін «Еңбек адамы» сыйлығына ие болды. Іс-шараға қатысқан Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков марапат иелеріне өз лебізін білдірді.

– Қыркүйек айының соңғы жексенбісі –

елімізде Еңбек күні ретінде атап өтіледі. Осыған орай, қаламыздың дамуына елеулі үлес қосып жүрген еңбекқор азаматтарды марапаттауды жөн көрдік. Еліміз сіздер сияқты өз ісіне адал, еңбексүйгіш адамдардың арқасында алға басып келеді. Мемлекет басшысы да бұл мәселеге өз Жолдауында ерекше назар аударды және келесі жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Еңбегімен танылған азаматтарды әрдайым құрметтеуіміз қажет, – деді Айдар Есенбеков.

Ал Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова берілген марапат көп жылдық еңбектің зейнеті екенін атап өтті.

– Абырой – адал еңбекте, ал даңқ сол адал абыройдың нәтижесі. Яғни бейнеттің зейнеті. Президентіміз Жолдауында да, Ұлттық құрылтайдағы сөзінде де еңбек адамдарын құрметтеп, жастарға үлгі беру бойынша ұсыныстар айтты. Осы айтылған тапсырманы

орындап, «еңбек адамдарын» марапаттап жатқан қала әкімшілігіне алғыс айтамын. Жастарымыз еңбек ардагерлерінен үлгі алып, еңбек жолын жалғастыра берсін, – деді құрметті ұстаз.

«Еңбек адамы» марапатына ие болған алматылықтардың арасында 30 жылға жуық журналистикада, оның ішінде 20 жылдан астам уақыт «Алматы ақшамы» газетінде еңбек етіп жүрген әріптесіміз Рая Ескендір де бар. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетін тәмамдап, «Зерде», «Заман Қазақстан», «Ана тілі» басылымдарында еңбек еткен. Ал 2003 жылы «Алматы ақшамы» газетіне жұмысқа орналасып, сол уақыттан бері мың жасаған шаһардың шамшырағына айналған басылымда аялбай еңбек етіп келеді. Бүгінде Рая Ескендір газеттің «Жаңалықтар мен ақпарат» бөлімін басқарады. Редакция ұжымы әріп-

тесімізді марапатымен құттықтай отырып, алдағы еңбек майданында да шығармашылық табыс тілейді.

Жалпы, «Еңбек адамы» марапатын келесі азаматтар алды: мұғалім-дефектолог Гаухар Махамбетова, Қалалық паллиативтік көмек орталығының қызметкері Галина Котова, Алматы әкімі аппаратының бас маманы Нұрмұха Шаймерденов, өрт сөндіруші-құтқарушы Мейрамбек Құлназаров, автобус жүргізіші Владимир Исаев, ҚазҰҚПУ ғылым департаментінің директоры Мөлдір Әбдірайымова, құбыршы Манатбек Сейдуа-лиев, кітапханашы Сағынқұл Иманбаева, әйелдер боксы бойынша жаттықтырушы Долқунжан Камеков, сәулетші Ақтөрекожа Нұрқожа, кәсіпкер Владимир Сергеев, эколог Назия Аухинова, полиция қызметкері Айдос Серік және қалалық демалыс орталықтарының офис басшысы Жібек Бахитова.

ҚҰРМЕТ

АРДАГЕРЛЕРГЕ – МЫҢ АЛҒЫС!

Қыркүйектің үшінші жексенбісіндегі айтулы мереке – Еңбек күніне орай Медеу ауданы әкімінің орынбасары еліміздің дамуына жылдар бойы еңбек сіңірген еңбек ардагерлерін арнайы шақырып, алғысын білдірді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың тапсырмасы бойынша бірнеше еңбек ардагеріне Алғыс хат берілді.

Жалпы саны – 25 адамның барлығы өз саласында біраз жыл жұмыс істеген мәдениет, денсаулық сақтау, қоғамдық жұмыс, білім салаларының ардагерлері. Ұлы Отан соғысының ардагері Тамара Максимова мен Социалистік Еңбек Ері Вера Сидорова да мерекенің құрметті қонағы болды.

«Қарапайым жұмысшылардың еңбегін бағалап, осылай сый-құрмет көрсету өте жақсы үрдіс деп ойлаймын. Ертеректе талай

адамның еңбегі лайықты бағаланбай кетті. Ал қазір өздеріңіз көріп отырсыздар, мерекелерде елеусіз қалып жатқан жоқпыз. Барлығына ең алдымен денсаулық, бақ-береке тілеймін!», – деді Тамара Максимова.

Ал Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев: «Медеу ауданы – қаламыздағы ең үлкен аумақ. Соған сай халық саны да көп. Ең үлкен ауданда өз салаларында еңбегі сіңген азаматтардың көп болуы да заңдылық. Міне, бүгін осындай іс-шара ұйымдастырып, әртүрлі саладағы еңбек ардагерлерін құттықтап, Алғыс хат және сыйлықтар табыстадық. 30 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан барлық санаттағы азаматтарды қамтуға тырыстық», – дейді.



ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Алматыда халықаралық конференция өтті

БҰРЫНҒЫ ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІВКЛАД БЫВШИХ СОЮЗНЫХ РЕСПУБЛИК
В ПОБЕДУ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

Алматы-2024



Жиын бағдарламасында бір-қатар іс-шаралар легі қамтылды. Дәлірек, «Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың мемориалына гүл шоқтарын қою», «1941–1945 жылдардағы соғыста қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алу», «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған жиын», «Алматы қаласының Орталық зиратына жерлеу үшін Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар ескерткіштерінен әкелінген топырағы бар капсуланы тапсыру», «Армия үйінде орналасқан Қарулы Күштер мұражайына бару (316 Панфилов экспозициясы)».

Сонымен қатар, Достық үйінде Жеңістің 80 жылдығына арналған Алматы қаласы әкімдігі, Ардагерлер кеңесі, Қазақстан

нес Одағының фашистік Германияны және оның одақтастарын жеңген Ұлы Жеңіске одақтас республикалар халықтарының қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тарихи конференция өткізілді.

Жиынның мән-мағынасы туралы Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахан Бижанов ой-пікірін жеткізді.

«Біздің бұл жиынымызға ТМД елдерінің бірқатарынан өкілдер келді. Олар өздерінің патриоттық, отаншылдық ойлары және қазіргі жағдайды да айтып, ой пікірлерімен бөлісті. Аталған басқосудың мақсаты – жастарға әскери, отаншылдық рухты сіңіру. Сондай-ақ, майдан шебінде ерлік көрсеткен батырларды ұмытпаған абзал», – деді ол.

Сонымен бірге, іс-шараның түпкі негізі бірлікті, татулықты, ерлікті дәріптеу болып саналатыны анық.

«Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық конференция өткізілді. Әр елдің өкілдері өздерінің жеңіске қосқан үлесі жайында ой қозғады. Майдан шебінде ерен ерлік көрсеткен қазақ батырлары мен қазақстандықтар есімі ұрпақ жадында. Беларусь өкілі партизандар туралы ой айтты. Ал бізден Оқу министрі, Жазушылар одағының төрағасы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болған және көптеген қызметтер атқарған Әди Шәріповтың партизандық та еңбегі зор. Әдебиеттер байланысы саласында еңбектенген Сағынғали Сейітов та барлаушы қатарында болған. Сондай-ақ, көрнекті қаламгер Кемел Тоқаев та майданда отан қорғаушылар шебінде ерліктер жасады. Бұл жайында жазбалары бар. Беларусь фронтына ғалым Бейсенғали Наурызбаев та атсалысқан. Біз аталмыш ерліктерді ұмытпаймыз, Беларусь тарапында әріптестерімізбен бірлесіп жазып жүрміз. Ерлік ешқашан ұмытылмайды», – деді ҚХА мүшесі, ғалым Светлана Ананьева.

Олжас
МУРАТБЕКҰЛЫ

Акцияға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Қазақстан Республикасы «Ардагерлер ұйымы» респуб-

ликалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Измұхамбетов, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Бижанов және аудандық Ардагерлер кеңестерінің төрағалары, сондай-ақ қонақтар қатысты.

халқы Ассамблеясы өкілдері, «Батырларға тағым – Поклонимся героям» қозғалысы белсенділері, «Жас сарбаз», «Жас ұлан» жастар патриоттық ұйымдары мен «Аманат» партиясының жастар қанатының қатысуымен «Ке-

Халықаралық іс-шараға ТМД елдері ардагерлері халықаралық одағының Үйлестіру кеңесінің төрағасы, генерал-полковник Василий Волков бастаған Ресей Федерациясының делегациясын бастап келді. Делегация құрамында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ардагерлерінің халықаралық одағының іс басқарушысы, 1-рангалы капитан Гапеев Дмитрий, Мәскеу үкіметінің Жастар саясаты комитеті төрағасының орынбасары Берлов Артур, Беларусь ардагерлер қоғамдық бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары, генерал-майор Луцык Юрий, «Армения Республикасы ардагерлері қауымдастығының» қоғамдық ұйымының төрағасы, полковник Есаян Симон және т.б. бар.

СЕМИНАР

«ҰЛТТЫҚ ОНОМАСТИКА: ІЗДЕНІС ПЕН ТӘЖІРИБЕ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Достық үйінде» «Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» атты республикалық семинар өтті.

Іс-шараның мақсаты – еліміздегі ұлттық ономастика саласындағы өзекті мәселелерді талқылау және осы бағыттағы өңірлердің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Семинар жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, тиісті орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, Республикалық және Алматы қаласы ономастика комиссияларының мүшелері қатысты. Іс-шараға еліміздің барлық өңірлерінен ономастика мәселесіне жауапты лауазымды тұлғалар келді. Сонымен қатар, семинарға қоғамдық ұйымдар-

дың жетекшілері мен зиялы қауым өкілдері де шақырылды.

Күн тәртібінде өзектендірілген «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімдері және өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», өңірлердегі ономастикалық ахуал, атаулары идеологиялық тұрғыдан ескірген елдімекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022–2025 жылдарға арналған жол картасының іске асырылуы және тағы да басқа маңызды мәселелер қаралды.



Сонымен бірге, семинарда елдімекендердің және олардың құрамдас бөліктерінің байырғы

тарихи атауларын ғылыми зерттеу мәселелері, сондай-ақ халық арасында ономастика саласында-

ғы мемлекеттік саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған іс-шаралар да талқыланды.

Технократия тұзағы:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР

әлеуеті әуелеп тұр

Жаһандық сананы қалыптастыру

Биылғы жылдың тамыз айында Телеграм әлеуметтік желісінің негізін қалаушы Павел Дуровтың Париж әуежайында француз құқық қорғау қызметкерлері тарапынан ұсталуы, соңғы жылдары жеке технологиялық компаниялар мен мемлекеттің қарым-қатынасындағы жалғасып келе жатқан пікірсайысты одан әрмен үдете түсті.

Расында да, соңғы жылдары халықаралық саясатта алпауыт технологиялық компаниялардың саяси, әлеуметтік жауапкершілігі туралы мәселелер ауқымды негізде талқылануда. Ресейде Мета компаниясы террористік ұйымдар қатарына енгізілсе, Бразилияда тамыз айынан бастап, Туиттер желісінің ел аумағында қолданылуына құқықтық негізде тыйым салынды. Технология саласындағы алпауыт компаниялар қаржылық капитализация тұрғысынан да жаһанда ауқымды әлеуетке ие болып отыр. Ақпараттық технологиялар саласының жаһандық экономика саласындағы үлесі де артуда. Елімізде Үкімет 2030 жылға дейін ақпараттық технологиялар саласына негізделген өнімдерді ұлттық экспорттың негізгі саласына айналдыруды мақсат етті. Мақаламызда технократиялық компаниялардың жаһандық саясаттағы рөлі мен әлеуметтік-саяси жауапкершілігін талдап көрелік.

• Алпауыт технологиялық компаниялар бүгінде әлем бойынша миллиардтаған пайдаланушыларға орта алаң ұсынатын, бірегей жаһандық трендке айналды. Мета компаниясы өнімін ай сайын әлем бойынша 3 миллиард азамат пайдаланса, Google компаниясы шамамен 200 елде жұмыс жасауда. Microsoft Office және Windows пайдаланушыларының саны 1,2 миллиардтан және 1,4 миллиардтан асты. Бұл ауқымды қолданушылар базасы жаһандық негізде технологиялық компанияларға деген азаматтардың сенімі мен маңызын көрсетеді. Microsoft Office, Windows компаниялары S&P 500 компанияларының нарықтық капитализациясының 22%-дан астамын құрап, әрқайсысының мөлшері Канада және Италия сияқты кейбір G7 елдерінің ЖІӨ-ден асады.

• Алматы қаласы бүгінде Орталық Азияның цифрлық астанасы аталды. Аймақ бойынша қаламыз цифрлық қызмет көрсету бойынша көшбасшы.

Жасанды интеллект: қосымша стимул

Ертеден қалған тәмсіл бойынша ақпарат кімде болса, билік сонда. Бүгінде халықаралық қауымдастық арасында BigTech аталып кеткен технологиялық алпауыт компаниялар қоғамдағы рөлі мен ықпалы бойынша жаңа деңгейге көтерілді. Жасанды интеллектіге негізделген қызметтердің кеңінен қолданысқа еніп, қоғам тарапынан қолдау табуы технологиялық компаниялар үшін қосымша стимул болып отыр.

Жаңа келісім-шартқа негіз

АҚШ-та 2016 жылғы президент сайлауына сыртқы тараптардың араласқаны жөнінде халықаралық дау болғаны есімізде. Демократиялық партия өкілдерінің пікірінше, 2016 жылғы президент сайлауында Д.Трампың жеңіске жетуінде ресейлік хакерлер америкалық электорат арасында Республикалық партия идеясын насихаттаған деп айыптаған еді. Сол кезден бастап көптеген елде BigTech ата-

лып кеткен компаниялар қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу, бақылау қадамдары басталып кетті. Еуропалық Одақ, АҚШ тарапы бүгінде технологиялық компаниялардың жұмыс саясаты бойынша бірегей ұстанымдар бағдарламасын қабылдады. Биыл тамыз айында Түркия билігі бірнеше сағатқа ел территориясында инстаграм желісінің қолданылуына тыйым салды. Қытай ішкі нарығын толықтай өзіндік баламалы желі алаңдарымен қамтамасыз етіп отыр.

Технологиялық компаниялардың қызмет аясын бақылау аясында еліміз өзіндік «орта жол» тапқандай. Қазақстан бүгінде Азия аймағында ашық экономикалық жүйе құрып, технология саласына инвесторларға жайлы жағдай қалыптастырған аз елдердің бірі. Қазіргі таңда елімізде маңызды саяси науқан, референдум бойынша ақпараттандыру қызметі белсенді жүзеге асуда. Елімізде азаматтардың интернет желісіне қолжетімділігінің артуы, әлеуметтік желілерде, сан алуан ақпарат көздерінде түрлі ресурстардан тез, жылдам қол жеткізу мүмкіндігінің қалыптасуы, әрбір саяси науқан бойынша ашық, ауқымды азаматтық талқы моделін қалыптастырды.

BigTech компаниялары қаржылық тұрғыдан да аяқтарынан нық тұрды. Бір ғана мысал, Microsoft компаниясының нарықтық капитализациясы 3.2 триллион доллар бұл әлемдегі жетінші ірі экономика саналатын Францияның ЖІӨ-нен жоғары көрсеткіш. BigTech компанияларды ел территориясында

шектеу, қызметіне тыйым салу – түбегейлі шешім емес екені айқын.

Жаһандық тренд ретінде мемлекет пен жеке компаниялар арасында қалыптасуы тиіс жаңа келісім-шартқа негіз болып отыр.

Бұл тұрғыда отандық цифрлық қызмет көрсету саласын республика бойынша бірдей деңгейде дамуда дей алмаймыз. Жыл сайын Алматы қаласында өтетін Digital Kazakhstan форумы қаламыздың тұтас Азия континентінде ілгері технологиялық идеялардың хабына айналғандығының көрінісі. Мемлекеттік саясат пен технологиялық компаниялардың мүддесінің бір арнада қауышуы қоғам үшін ұтымды шешім болмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



(Дереккөз: www.midjourney.com)



ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРА

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ...

28 қыркүйек – ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің туған күні. Осынау айтулы күн аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жыл сайын өтетін дәстүрлі «Әуезов оқулары» биыл жазушының қызы, көрнекті ғалым, тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының негізін салған Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың 95 жылдық мерейтойына арнап өткізіліп отыр.

Мәлім, беймәлім
мәліметтер

Иә, «Тектіден текті туады» демекші, қазақ халқы үшін Әуезовтердің орны ерекше. Қазақ әдебиеттануындағы ірі тұлға, тарихшы ғалым Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова Ленинград және Москвадағы М.В.Ломоносов атындағы университеттің Тарих факультетінің шығыс бөлімін, КСРО Ғылым академиясының шығыстану институтының аспирантурасын бітірген.

Тоталитарлық жүйе кезінде, әр халықтың төл тарихы мен ұлы тұлғалары туралы зерттеулерге шек қойылып отырған шақта Шоқанның 5 томдық академиялық басылымының жарық көруіне, мәтіндік және библиографиялық көрсеткіштерінің жоғары сапада жазылуына үлкен үлес қосқан ғалымның бірі де бірегейі Ләйлә Мұхтарқызы еді.

1961 жылы 27 маусымда Мұхтар Омарханұлы Әуезов мезгілсіз қайтыс болуына байланысты үкіметтің ұйғарымымен ашылған жазушының әдеби-мемориалдық музей-үйін өмірінің соңына дейін басқарды. Осында жүріп жазушының бұрын белгісіз болып келген туындыларын, ол туралы замандастарының естелік жинағын, шығармашылығының библиографиялық көрсеткіштерін, өмірі мен шығармашылық шежіресін, қолжазбаларының ғылыми сипаттамаларын, т.б. жүйелеп, жариялауға, олардың зерттелуіне жетекшілік етеді.

Ләйлә Мұхтарқызы М.О.Әуезовтің Москвадағы «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде тұңғыш рет жарық көрген 5 томдық шығармалар жинағының жарияланым, өзге тілдерге аударылып, жазушының әлемдік әдеби айналымға енуіне дәнекерлік етеді. Ұлы суреткердің 12 томдық, 20 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығаруға жетекшілік жасаған Ләйлә Мұхтарқызының бұл мұраларды жинастыру, ғылыми жүйеге келтіру, оны жа-

риялап, ұлы тұлғаны таныту бағытындағы істеріне ресейлік әдебиеттанушы, көрнекті тәржімашы Зоя Кедринаның да көп көмегі тиген. Ол кәсіби маман ретінде кеңестерін беріп отырған. Оның нақты дәлелі – Зоя Кедринаның эпистолярлық мұралары.

Мұхтар Әуезов пен Зоя Кедринаның бірнеше жылдар бойы жүргізілген шығармашылық байланыстары, бір-біріне жазған хаттары олардың отбасы өмірлерінен де мол мағлұмат беретін маңызы зор мұра. Алайда, М.Әуезов мұражайындағы №376 папкада сақталған. Кедринаның хаттары осы күнге дейін арнайы зерттеліп, жарияланбаған.

Екі әдебиетші әріптестің эпистолярлық жанрдағы мұралары тұтас бір дәуірдің рухани әлемін құрайды. Бұл хаттардағы шағын мәтінде қаншама тарихи мәліметтер бар. Хат жанрына тән тиянақтылық, қысқалық және лаконистік стиль мұнда да сақталған. Көрнекті ғалым, тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының негізін салушы Ләйлә Мұхтарқызының өміріндегі ең бір шуақты шағынан, бақытты кезеңінен берілген штрихтар бұл қос шаңырақ иелерінің қуанышы да, қайғысы да ортақтығын танытады.

Мәскеуге Ләйлә Мұхтарқызының Зоя Кедринаның үйінде тұрып, аспирантурада оқуына байланысты уақытша тіркелудің ресми ресімі жасалуы керектігі, оның үлгісі мынадай болуы керек деп хатпен бірге мәтінін жіберуі де үлкен жүректің ізгі істері. Хат мәтініндегі мазмұнға жаңа мағына сыйлаған интертекст елеулі жүк көтеріп тұрғанын атап өткен жөн. Қалыпты ақпараттық хабарлама хаттан гөрі бұл хаттың стильдік ерекшелігі де өзгеше өң алған. Мәтіннен тыс ақпараттық қызмет атқарып тұрған арыз үлгісі мұнда интермәтіндік мағынаға ие. Көркем кеңістіктегі әдеби-эстетикалық интермәтіндік ықпалдастық міне, осындай эпистолярлық мұрадағы үзінділерден, сілтемелерден тұруы ғажап емес.

Сондықтан да эпистолярлық мұрадағы мәтіндер де сөз өнеріндегі көркемдік стильдік ерекшеліктер мен композициялық түзілістерге, архитектуралық айшықтарға әсер етері анық. Және интермәтіндік элементтер хат жанрындағы жазбалардың мазмұндық, пішіндік, поэтикалық, стилдік өрнегін де айқындауда айтарлықтай рөл атқарғанын байқаймыз. Мәскеуге келген бүкіл қазақ және өзге түркі тілдес халықтар әдебиеті өкілдерінің, ұлт зиялыларының Зоя Кедринаның шаңырағынан шәй ішпей, төрінде отырып, төгіліп әңгіме-дүкен құрмай кетпейтіндерін қаперімізге алсақ, оның тіпті нағыз еңбекқорлығын, кеңпейілдігін танимыз.

Қазаққа жасалған қамқорлық

Мұхтар Әуезов бастаған қазақ қаламгерлерінің бұл шаңырақта жиі бас қосулары, жазушының қызы Ләйлә Әуезованың жоғары оқу орнын және аспирантурасын бітіргенше осы шаңырақтың бір мүшесіндей тұруы, кейінгі түрлі сипаттағы іссапарларында да Мұхтар Әуезов пен оның отбасы мүшелерінің қай-қайсының да қона жататын жылы мекені болғандығын Зоя Кедринаның қазақ халқына жасаған қайтарымы жоқ рухани қызметі деп ұғынғамыз жөн.

Соның бір дәлелі ретінде тағы бір хат мәтініндегі ана-әйелге тән қызығушылықпен: «...Я еще ничего не знаю о Вашем внуке, его уме, красоте и талантах, а также о самочувствии Лейли», – деп наз білдіруі де өзінің туған қызындай болып кеткен Ләйланың өміріндегі әрбір жаңалыққа құлақ түріп, бірге қуанып отырғанының айғағы болса керек. Хаттағы ең бір жақын достар ретінде, әсіресе, өзі екінші бір анасындай әлпештеп қолында оқытып, үлкен астаналық өмірге бейімдеген Ләйлә Мұхтарқызының тұрмысқа шыққан кездегі жаңалықтарына, олардың отбасында өмірге келген сәбидің әрбір қылығына қызығушылық танытуы, Мұхтар Әуезов пен Валентина Николаевнаның аталық-әжелік міндеттерін қалай атқарып жатқандарына деген көңілі де оқушысын ойландырмай қоймайды.

Мұхтар Әуезовтің отбасының қай мүшесі қай мезгілде келсе де Москвадағы Кедрина мен Абель Пантелейевтің шаңырағының есігі ашық, төрі дайын екендігі бірнеше хаттарының мәтіндерінде мәлімденген. Бір анадан өрбіген жандардай ала бөтен сағыныш сезіледі, хаттар-



дан. Өкінішке қарай екі ұлт зиялыларының, тіпті жалпы адамдар арасындағы осындай үздік үлгі боларлық адалдық, тазалық, жылы сезімдер, кінәратсыз көңілдің, мұндай мөлдір достықтың бүгінде сиреп бара жатқаны өкінішті. Мұхтар Әуезов пен З.Кедринаның Қазақстанда басталған отбасылық әрі шығармашылық достығы 1961 жылы жазушының Мәскеудегі Кунцево ауруханасында мәңгілік сапарға аттанғаннан соң да жарасымды жалғасқанын дәлелдесе керек.

Ұлтымыздың рухани құндылықтары ретінде қорғалатын әрбір шығармашылық тұлғалардың бүкіл мұраларына, оның ішінде эпистолярлық жанрдағы қолжазбаларына да көңіл бөлініп, олардың зерттеліп, жариялануына қамқорлық пен бақылау болса, халқымыздың рухани игіліктері молая түсері сөзсіз.

Гүлзия ПИРӘЛІ,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымының докторы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АЛМАТЫ МҰРАЖАЙЛАРЫ

Тарихқа саяхат қаланың мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған

Алматыда Туризм күніне орай қаланың маңызды музейлеріне баспасөз туры ұйымдастырылды. Іс-шараны Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі, Алматы қаласының Мәдениет басқармасы және Almaty Tourism Bureau өткізді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Алматы мұражайлары: Тарихқа саяхат» атты бұл бастама қаланың мәдени мұрасын насихаттауға және бірегей экспонаттармен таныстыруға бағытталды. Баспасөз туры Ықылас атындағы музыкалық аспаптар музейінен басталды. Халықтық музыкалық аспаптарды бір жерге тоғыстырып отырған Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі – бүкіл Орта Азия аумағындағы алғашқы болып құрылған бірегей музейлердің бірі.

Музей қорында ұлттық музыкалық аспаптармен қатар басқа да халықтардың музыкалық мәдениетімен таныстыратын экспонаттар бар. Бұл музейде 50-ге жуық ұлттың музыкалық аспаптары сақталған. Бірнеше ғасыр бұрын жасалған аспаптардың арасында желбуаз, адырна, шертер, домбыра, қобыз, сыбызғы бар. Тарихқа саяхат кезінде экскурсовод дауылпаз, ұрмалы, шертпелі, үрмелі аспаптар туралы қызықты ақпарат берді.

Музейдің ерекшелігі – қазақтың атақты музыканттары мен композиторлары қолданған бірегей экспонаттар. Олардың ішінде Құрманғазы Сағырбайұлының домбырасы мен XVI ғасырда жасалған Жарас баксының ең көне қобызы бар.

Одан кейін баспасөз турына қатысушылар Д.А.Қонаевтың мемориалды музей-үйіне барды. Мемлекет қайраткерінің жеке заттарымен, қолжазбаларымен және архивімен танысты. Қонаевтың алған марапаттары мен ордендері де үлкен қызығушылық туырды. Оның 230 шаршы метрлік төрт бөлмелі пәтерінің бір кірпіші бұзылмай, бәз-баяғы қалпында сақталған. Үшінші нысан Ғабит Мүсірепов атындағы әдеби-мемориалдық мұражай болды. Мұражайда жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты материалдар ұсынылып, қонақтар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Ақан сері – Ақтоқты» сияқты спектакльдердің үзінділерін кинозалда тамашалады.



Соңғы нүкте – Алматы қаласының Тарих мұражайы болды. Бұл жерде қаланың қалыптасуы мен дамуына арналған экспонаттар көрсетілді. Археологиялық табыстар, тұрмыстық заттар, ескі қарталар мен құжаттар, сондай-ақ қаланың тарихын бейнелейтін көрмелер ұсынылды.

Баспасөз турының қорытындысында Almaty Tourism Bureau директоры Камилла Лұкпанова Алматының туризм саласындағы жетістіктерімен бөлісіп, қаланың туристік әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстарды атап өтті. Ол Алматының ішкі және халықаралық нарықта туристік бағыт ретінде белсенді дамып келе жатқанын және мұражайлардың бұл үдерісте маңызды рөл атқаратынын айтты.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Назгүл АЛТАЕВА,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені ғылыми бөлімінің жетекшісі:
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ 3 СҮЙІКТІ ІСІ БОЛҒАН

Солардың бірі – бильярд ойнау. Ғабит Мүсірепов бильярдты өте жақсы ойнаған. Қаламгер Жазушылар одағын басқарған кезде фойеге бильярдтың үстелін кіргізіп қойыпты. Осы музейде бильярд таяқшасы мен қабы сақталып тұр. Екінші сүйікті ісі – таяқ жону. Экспонаттардың арасында өз қолымен жонған таяқтары бар. Барған жерінде орман, тоғай көрсе, өзіне ұнаған бұтақты кесіп алып, содан әдемі таяқтар жасаған. Тағы бір сүйікті ісі – аңшылық. Жақын жолдастарымен бірге балық аулап, құс атқанды жақсы көрген екен. Бұл деректерді көп адам біле бермейді.

Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқановты өмірде көп нәрсе байланыстырады. Бұл да көпшілік біле бермейтін ақпарат. Біріншіден, екеуі жерлес – Солтүстік Қазақстан облысының тумалары. Екіншіден, Сәбит Мұқанов отбасында 13 қыздан кейін 14-ші болып дүниеге келгенде, сол ауылға Ғабит Мүсіреповтің анасы Дина Оңғарбайқызы қыдырып барып қалған екен. Сөйтіп, Ғабеннің кіндігін кесіпті. Ғабеннің анасы – Сәбит Мұқановтың кіндік шешесі. Тіпті, екі қаламгердің достығы құдалыққа ұласқан. Сәбеннің ең үлкен ұлы Ғабеннің тұңғыш қызына үйленген екен. Ортақ ұрпақтары бар.

Ләззат ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры:
МУЗЕЙ – ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ОРДАСЫ

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің құрамына 8 музей, 1 археологиялық саябақ және бір кесене, бір мультимедиялық орталық кіреді. Кейінгі кездері музейлерімізге келушілер саны 2-3 есе артты. Салыстырмалы түрде қарасақ, 2019 жылы 44 мың адам ақылы түрде келсе, 2022 жылы 82 мың, 2023 жылы 141 мың адам, биыл тоғыз айдың өзінде 120 мың адам келген.

Әр музей өзінше ерекше. Музейдегі әрбір жәдігердің тарихы бар. Біз талдау жұмыстарын жүргізіп, салыстырмалы түрде қарап отырамыз. Бірлестікке қарасты музейлердің ішінде Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптары музейіне келушілердің саны көп. Себебі, бұл – коллекциясы өте бай, бірегей музей. Келушілер саны бойынша Алматы музейі екінші орында тұр. Одан кейін Д.Қонаевтың музейіне де қызығушылар көбейді. Мемориалды пәтері аптасына 2 күн (сәрсенбі, сенбі) ғана жұмыс істейді. Бірақ соған қарамастан, бір күнде 500 адамға дейін келеді. Ахмет Байтұрсынұлының музейін де айта кеткен жөн. Ұлт ұстазы тұрған үйді көргісі келетіндердің қарасы көп.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖОЛДАУ – 2024

БІЛІКТІ КАДР БӘРІН ШЕШЕДІ

Жас дәрігерлерге сенім мол

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына арнаған жуырдағы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында білікті медициналық мамандардың тапшылығы мәселесінің өзектілігін және медицина саласындағы білім сапасын барынша арттыру қажеттігін атап өтті.

Осы орайда, Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты сонау 1977 жылы құрылған күннен бастап ғылыми-тәжірибелік денсаулық сақтау кадрларын дайындап келе жатқанын айтқымыз келеді.

Іргелі мекемедегі жұмыстың үш негізгі бағыты – ғылым, білім және клиникалық тәжірибенің үйлесімділігі заманауи денсаулық сақтаудың қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламалары негізінде жоғары білікті мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Былыр институт танылған аккредиттеу органдарының білім беру қызметін бағалауынан тағы да сәтті өтті. Гастроэнтерология, ревматология, аллергология және иммунология, пульмонология, терапия бойынша білім беру бағдарламалары аккредиттелген. Сараптамалық комиссия КІАҒЗИ Қазақстандағы үздік медициналық ғылыми институттардың бірі ретінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын, сондай-ақ тұрақты дамуды



камтамасыз етуде жетістіктер көрсеткенін атап өтті. Сарапшылардың оң бағасына ең алдымен институттың корпоративтік құндылықтары, сондай-ақ резидентураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін клиникалық базалардың бірегейлігі әсер етті.

Биыл «Эндокринология (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша білім алған резиденттер оқуын бітіріп, білім құжаттарын алды. Енді олар алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға дайын.

– Жұмыс берушілердің пікірлері бойынша, институт түлектері білім мен практикалық дағдылардың жақсы деңгейін көрсетеді. Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының түлектеріне деген жоғары сұранысты олардың еліміздің практи-

калық денсаулық сақтау ұйымдарында 100% жұмысқа орналасуы дәлелдейді. 2024-2025 оқу жылы резиденттер саны айтарлықтай өсті. Резиденттураға 8 клиникалық мамандық бойынша 76 адам түсті, оның 55-і мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, 16-сы жергілікті атқарушы органдардың бюджетінен, 5-еуі ақылы оқиды. Биылғы қыркүйектегі жағдай бойынша институттың резидентурасында 149 адам білім алуда. Ең қажетті деугілікті мамандықты таңдаған резиденттеріміз бен жас дәрігерлеріміз дәрігер деген атқа лайық болып, ел халқының денсаулығын сақтайды деген сенімдемін, – дейді Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

ҰЙҚЫНЫ
БҰЗАДЫ

Атопиялық дерматит – әлемдегі миллиондаған адамға, әсіресе, балаларға әсер ететін аллергиялық сипаттағы созылмалы қабыну тері ауруы. Бұл ауру әдетте балалық шақта, көбінесе өмірдің алғашқы айларында басталады және өмір бойы жалғасуы мүмкін.

Негізгі симптомдары: терінің қатты қышуы, қызаруы және қабыршақтануы, сонымен қатар ауырсыну мен ұйқының бұзылуына әкелетін қабынулар.

Атопиялық дерматиттің нақты себептері толығымен анық емес, бірақ олар генетикалық, экологиялық және иммунологиялық факторлардың жиынтығын камтиды деп саналады.

Атопиялық дерматит пациенттердің өмір сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қышу мен қабыну көбінесе ұйқының бұзылуына, ашуланшақтыққа, тіпті депрессияға әкеледі. Сонымен қатар, үнемі қасыну тері инфекцияларына шалдықтыруы ықтимал.

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтына қарасты Республикалық аллергология орталығының меңгерушісі Арай Батырбаеваның айтуынша, бүгінде атопиялық дерматитті емдеудің әртүрлі тәсілі бар.

– Бұл ауруды жергілікті кортикостероидтармен, кремдермен, антигистаминдермен және кейбір жағдайларда жүйелік препараттармен емдеуге болады. Ауруды неғұрлым ерте диагностикалау мен емдеу симптомдарды айтарлықтай жеңілдетеді және терінің күйін жақсартады, – дейді Арай Батырбаева.

МӘМС

«ЖЫЛАУЫҚ»

Алматылық хирургтар тік ішек маңына баланың басындай болып өскен ісікті алып тастады

Алматы қаласының №7 клиникалық ауруханасына Түркістан облысынан «пресакральды жылауық» (тік ішек маңындағы ісік) диагнозы бар 21 жастағы науқас келді. Аурухананың колопроктология бөлімінің меңгерушісі Марат Қаленбаевтың айтуынша, бұл жылауық өте ерекше, көлемі нәрсенің басындай болатын өте үлкен, дөңгелек пішінді, кіші жамбас аумағында, белгісіз ағыммен өскен.

– Жылауық ішті табиғи жолмен босатуға кедергі келтірген, сөйтіп жас қыз тік ішек аумағында тұрақты айқын байқалатын қолайсыздықтар қиналған. Кіші жамбас жылауығы – бұл діңшек пен тік ішектің арасында орналасқан аномальды қуыс немесе қалталар. Бұл – өте сирек кездесетін патология, 40 мың адамның ішінде біреуінде кездеседі. Әдетте, МРТ-да немесе кіші жамбас ағзаларының УДЗ-де, өлшемі 2 см және одан сәл үлкен болатын жылауықтар кездеседі, ал бұл жағдайда ісіктің көлемі тым үлкен, – деді тәжірибелі хирург-колопроктолог Марат Алибекұлы.

Хирург әрі қарай құйымшақ байламы алып тасталынып, кіші жамбас аумағына өте күрделі операция сәтті жасалғанын айтты. Жоғары білікті хирург-проктологтардың, анестезиолог-реаниматологтардың және тәжірибелі операциялық мейірбикелердің кәсіби шеберлігі мен біліктілігінің арқасында жүргізілген операцияның техникалық күрделілігі мен тік ішектің айналасындағы май қабатының іріндеуге бейімділігін ескере отырып, асқинулардан алдын алу алды. Айта кетейік, бұл операция МӘМС аясында жасалды.

Қазір пациент ауруханадан шығуға дайындалуда. Дәрігерлер халыққа



медициналық көмекке уақытылы жүгіну қажеттігі туралы ескертеді. Өйткені, хирургиялық емдеу болмаған кезде параректалды талшықтың іріндеуі, тік ішек жылан-көзінің пайда болуы, зәр шығару және дефекация функцияларының бұзылуы сияқты асқинулары

бар преакралдық жылауық қауіпті. Аурудың ұзаққа созылуы невралгияның, неврит, анемияның секілді аурулардың дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан ағзаңыздан қандайда бір қолайсыз жағдайды сезінген бойда дәрігердің алдынан табылған дұрыс.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

Жатыр мойны обыры «жасарып» барады...

Еліміздің дәрігерлері осылай деп дабыл қағып отыр. Алматыдағы №36 емхананың дәрігер-гинекологы Райхан Қалиеваның айтуынша, жатыр мойны обыры бұрын егде жастағы әйелдерде жиі кездесетін болса, кейінгі жылдардағы алаңдатарлық тенденция – қазір 20–30 жас аралығындағы әйелдер де шалдыға бастаған.

Бүгінде жатыр мойны обыры әйелдер арасындағы қатерлі ісік кеселінің көрсеткіші бойынша екінші орында тұр. Бұл аурумен жыл сайын 2000-нан астам адам тіркелетін көрінеді. Бір ғана Алматының өзінде бытыр осы дертпен 223 әйел есепке алынған.

– Аурудың «зұлымдығы» сонда, ол адам ағзасында бастапқы кезеңінде еш белгі бермей дами береді. Оны анықтаудың жалғыз жолы – жүйелі тексерулерден өтіп, арнайы тесттер тапсырып тұру. Жыныстық жолмен берілетін адам папиллома-вирусы (АПВ) жатыр мойны обырының негізгі себебі болып отырғанын да айта кетейік. Сондықтан елімізде жатыр мойны обырының жолын кесуге бағытталған, 11 жаста-

ғы қыздарды АПВ-на қарсы вакциналау науқаны басталды. АПВ екпесі қазірдің өзінде 100-ден астам елдің ұлттық им-мундау бағдарламасына енгізілген. Дамыған елдерде тіпті ұлдарға да егіледі, – дейді Райхан Қалиева.

Дәрігер сонымен қатар, өзге мемлекеттерде 17 жылдан бері қолданылып келе жатқан бұл вакцинаның қыз баланың болашақта ұрпақ сүю қабілетіне еш зияны жоқ екенін атап өтті. Вакцина тек жатыр мойны обырын тудыратын АПВ түрінен ғана емес, сонымен қатар қатерлі ісіктің басқа түрін тудыратын вирустан да, яғни қынап, сарпай, айналыш және ауыз жұтқыншақ ісігі, сондай-ақ жыныс мүшелерінің кон-диломасынан қорғайды.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі	0,32% дейін Орташа Қозғалудың қиындауы, естен тану	1,2% жоғары Ауыр Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)
Дәрігер шақыру - Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртіні іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек. - Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет	ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ 104	

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 қыркүйектегі №3/373-2008 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі №41.7-ш-03/1142 хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Магистральдық кәріз желілерін салу үшін Алматы қаласы, Наурызбай ауданында орналасқан жер учаскелеріне меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз, осы қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы 5 жыл мерзімге белгіленсін.
2. Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен бірлесе отырып:
- 1) жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушылар) қабылданған қаулы туралы хабарласын;
- 2) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- 3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

ЕДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 қыркүйектегі
№3/373-2008 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-322-024-256	Наурызбай ауданы, «Геолог» бағбандық серіктестігі, 31	0,0860
2	20-322-024-080	Наурызбай ауданы, «Геолог» бағбандық серіктестігі, 32	0,0820
3	20-322-024-1442	Наурызбай ауданы, «Геолог» бағбандық серіктестігі, 35	0,0546
4	20-322-024-1413	Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы, Акселеу Сейдімбек көшесі, 25 учаске	0,0540
5	20-322-024-1412	Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы, Акселеу Сейдімбек көшесі, 25/1 учаске	0,0818
6	20-322-024-1168	Наурызбай ауданы, «Құрамыс» шағынауданы, Акселеу Сейдімбек көшесі, 25/43 учаске	0,3659

«ALMATY BUSINESS-2025»

Алматыда 420 орынды жаңа мектеп салынады

«Алматы» ӘКК» АҚ еншілес ұйымы, «Almaty Finance» ЖШС Алматы қаласы Наурызбай ауданында жекеменшік жалпы білім беретін мектептің құрылысын қаржыландырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қарыз алушы «Оркен Education» ЖШС 200 млн теңгеге өз қаражаты есебінен құрылыс материалдарын ішінара сатып алуға, кейіннен бірінші қабаттың құрылысына жұмсады. Өз кезегінде, «Almaty Finance» ЖШС оқу орнының құрылысын аяқтауға және жабдықтауға 288 млн теңге бөлді.

Жобаны қаржыландыру «Almaty Business–2025» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%, қаржыландыру мерзімі 5 жылды құрайды. Құрылысты аяқтау 2025 жылдың жазына жоспарланған. Ашылғаннан кейін жаңа оқу орнына бір уақытта 420 оқушы келе алады.

«Жаңа мектептің құрылысы Наурызбай ауданында мектеп орындарының жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Жоба сондай-ақ, 50 жаңа жұмыс орнын құруды көздейді. Сонымен қатар, жекеменшік мектептің қызметі есебінен жергілікті бюджетке салық түсімдері ұлғаяды», – деді «Almaty Finance» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары Жұлдыз Игенов.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777078 53 48, 8 7472041970
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCXz3M2xrJCHx68r1JggyqeA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/aqshamy.official



twitter.com/aqshamy_kz



ЖЕТИ ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ

әлем алдында мойындалды

Алматыда «Аврора кубогы» және «Көшпенділер даласы» атты барлық ит тұқымдары қатысатын екі көрме өтіп жатыр. Іс-шараны «Аврора» кинологиялық клубы ұйымдастырып отыр.

Досбол
АТАЖАН

Халықаралық көрмеге Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресейден барлығы 500-ден астам ит қатысты. Елуден астам ит тұқымы Қазақстан чемпионы және Халықаралық әлемдік чемпионы атақтарын сарапқа салады. Оған Нидерланд, Словакия, Грекия және Қытайдан келген халықаралық сарапшылар төрелік етті.

– Алматы қаласында ұлттық көрме, халықаралық көрме және монотұқымды тазыға арналған арнайы көрме өтіп жатыр. Монотұқымды көрмеге 30-дан астам тазы қатысып отыр. Бұл – тарихи оқиға. Себебі, тазыны әлемдік деңгейде мойындағанға дейін біздің иттеріміз мойындалмаған топтың ішінде өнер көрсететін. Бүгін өзіне ұқсас мойындалған иттердің арасында сайысқа түседі. Төрешілер иттердің, оның ішінде тазының да бойын, биіктігін, жүні мен құйрығын, сүйектерінің дұрыс болуын, тістерін және мінезін тексереді. Жеңімпаз болған итті бақылауға алып, оның генетикасын сақтауға жұмыс істейміз, – деді Қазақстан кинологтар одағының президенті Бауыржан Серікқали.

Айта кеткен жөн, биыл 3 қыркүйекте Халықаралық кинологиялық федерация (FCI) қазақ тазысын ресми түрде әдепкі тану туралы шешім шығарып, Қазақстанға

осы тұқым стандартының иесі мәртебесін берді. Бұл жетістікке ҚР Президенті Іс басқармасының қамқорлығымен Қазақстан кинологтары одағының қажырлы еңбегінің және күш-жігерінің, сондай-ақ бірегей тұқымды сақтауға, дамытуға және танымал етуге орасан зор үлес қосқан көптеген кинологтардың, селекционерлердің, итбегілер мен әуесқой азаматтардың арқасында қол жеткізілді.

– Президентіміздің тапсырмасымен соңғы 2 жылда айтарлықтай жұмыс атқарылды. Халықаралық кинологиялық федерация қазақ тазысын ресми түрде ит тұқымы деп алдын ала тану туралы шешім қабылдады. Енді алдағы 10 жылда біраз еңбек ету керек. Халықаралық кинологиялық федерацияның талабына сәйкес асыл тұқымды тазылардың санын көбейту, халықаралық іс-шараларға жиі қатысып, оларды елімізде өткізу қажет. Сонда то-

лықтай мойындалып, әлемге дәрежеге көтерілеміз деп сенемін, – деді ҚР Президенті Іс басқармасының өкілі Қайсар Жұмабайұлы.

Көрмеге Ақсауыт есімді итімен қатысуға келген Меруерт Есенова тазы тұқымдарының бойында тылсым күш бар екенін айтты. Оның сөзінше, аң аулауға жаралған бұл иттерді жиі жүгіртіп тұру қажет.

– 3 айлық кезден өзім бағып келемін. Аты – Ақсауыт, жасы 2-де. Тазы басқа тұқымдарға қарағанда өте сабырлы, адамды мүлдем қаппайды және таза келеді. Өзі отырған жерге дәрет сындырмайды. Енді тазы асыраудың бір ерекшелігі – тазыны жылқы секілді күнде жүгіртіп тұру керек. 3-4 күн үйде отырып қалса, күші жиналып қалады. Өйткені оларда энергия толып тұрады, – деді ол.

Иттер көрмесі қарсаңында «Аврора» кинологиялық клубы Marwin шығармашылық әлемінің қолдауымен 6-15 жас аралығындағы балалар қатысқан «Көшпенді және ит» суретшілер байқауын өткізді. Қатысушылардың барлық туындылары 28 және 29 қыркүйектегі көрмеде жұртшылық назарына ұсынылып, жеңімпаздар иттер көрмесінің ашылуы қарсаңында марапатталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТ

Алматыда ғалымдар генетика және физиология саласындағы озық зерттеулерімен бөлісті.

Айнабай
МӘДИ

Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Генетика және физиология институты ұйытқы болып БАҚ өкілдеріне арнап ұйымдастырылған пресс-тур барысында қатысушылар генетика, физиология, онкология мен өзге де өзекті ғылыми бағыттардағы институттың соңғы жетістіктерімен танысты. Журналистерге институттың молекулалық генетика, жануарлар генетикасы мен цитогенетикасы, генетикалық мониторинг, эксперименттік мутагенез сияқты 11 зертхананың жұмысы көрсетілді.

Баспасөз турының негізгі жо-

басының бірі – қазақтың тазы иттерінің генетикалық құрылымын зерттеу және физиологиялық-генетикалық бағалау негізінде спортшыларды дайындау жүйесін әзірлеу. Бұл жоба гипоксиялық жаттығулардың спортшылардың когнитивті функциясы мен бейімделу қабілетіне оң әсерін зерттеуге бағытталған. Тілшілерге спортшылардың гипоксиялық камерада жаттығу барысын бақылауға мүмкіндік берілді. Бір қызығы, бұл камера түрлі биіктіктегі тау шыңына көтерілу кезіндегі гипоксиялық әсерді имитациялайды.

Сонымен бірге, институт ғалымдары спортшылардың физикалық жүктеме кезіндегі жағдайын бақылайтын арнайы масканы таныстырды. Оны ғалымдар өздері әзірлеген. Маска сатурацияны, пульсті, ЭКГ, ылғалдылықты, көмірқышқыл газының бөлінуімен тыныс алу жағдайын бақылайды. Құрылғы жүгіру кезінде көрсеткіштің толық талдауымен

спорттық мүмкіндік пен тәуекел туралы ақпарат береді

қамтамасыз етеді. Спортшылар жаттығу барысында осы масканы киіп, денсаулығы мен көрсеткішін бақылау мүмкіндігіне ие болады. Бұл прототип келесі жылы коммерцияландыруға шығарылады деп жоспарлануда. Институтта спортшыларға арналған генетикалық паспорт та әзірленген. Бұл құжат спорттық мүмкіндік пен тәуекел туралы ақпарат береді.

ЛАСТАНҒАН
ТОПЫРАҚТЫ ТАЗАЛАУ

Сонымен қатар, журналистерге қазақстандық жануарлар тұқымдарының генетикалық әртүрлілігін сақтауда жасалған жұмыстар көрсетілді. Сондай-ақ, ауыр металдармен ластанған топырақты тазалай алатын эндемик

өсімдіктер мен «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктермен жұмыс істеу жөніндегі зерттеулер таныстырылды. Бұл өсімдіктер экожүйені қалпына келтіруде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, Семей аймағы сияқты экологиялық қолайсыз өңірлерде өмір сүретін адамдардың денсаулығына экологиялық факторлардың әсерін зерттеумен айналысатын ғалымдардың қызықты мәліметі де көпшілік назарына ұсынылды.

Пресс-тур кезінде қатысушылар жануарлар геномын тереңірек зерттеп, генетикалық мутацияны анықтауға мүмкіндік беретін ДНҚ секвенирлеу тәрізді жаңа технологиялармен танысты. Әлбетте, бұл технологиялар жануарлар тұқымдарының ерекшелігі мен олардың қоршаған ортаға бейімделуін зерт-

теуде қолданылады. Сонымен қатар, ғалымдар Лейпцигтегі молекулалық эволюциялық антропология институты мен Нобель сыйлығының лауреаты Сванте Паабомен бірлескен халықаралық жобалар туралы баяндады. Бұл жобалар неандертальдықтардың ДНҚ-сын зерттеуге бағытталған.

Іс-шара қос тақырып: «Қазақтың ұлттық тазы тұқымының генетикалық құрылымы» мен «Қазақстан үшін маңызды спорт түрлері бойынша жоғары білікті спортшылар мен олимпиадалық резервті дайындау жүйесін қалыптастыру» жөнінде шағын баспасөз конференциясына ұласты. Басқосуда тілшілер түрлі зерттеулер жайында толығырақ мағлұмат алып, спорттық тағамдардың да дәмін татып көрді. Еліміздегі алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеулерімен танысқан тілшілер ғалымдарға өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, ғылыми танымның көкжиегіне бойлады.